

6D074800 — «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бақша қараот (*Portulaca oleracea L.*) өсімдігінен дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбында диссертациялық жұмысты орындаған PhD докторант Меруерт Ильясовна Тлеубаеваға

### ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Тлеубаева Меруерт Ильясовна «Бақша қараот (*Portulaca oleracea L.*) өсімдігінен дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбын таңдау, негіздеу мәселелерін жан-жақты зерделеп, тақырыпты бекітуге дайындап, бекіту барысында өз ойларын тұжырымдап жеткізіп, нәтижесінде диссертациялық тақырыбы бекітілген.

М.И. Тлеубаева «Бақша қараот (*Portulaca oleracea L.*) өсімдігінен дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденетін диссертациялық жұмысты жүргізу бойынша жоспарды құрастырып, жоспардағы іс-шараларды тиісті мерзімдерінде орындап отырды. Зерттеу жұмыстарының барысында жоспарға өзгерістер енгізіп, зерттеуді кеңейтіп, тереңдетіп отырды.

Ізденуші жоспарланған тақырып бойынша әдебиеттерден ақпараттарды жинақтап, жан-жақты талдап, диссертациялық жұмыстың өзектілігін, зерттеу мәселелерін дәйектеді. Диссертациялық жұмысты орындау барысында ізденуші М.И. Тлеубаева табандылықпен, қажырлылықпен үлкен көлемдегі зерттеулерді жүргізді.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында эксперименттік жұмыстарды жүргізуде, диссертация мәтінін жазуда, диссертациялық жұмысты рәсімдеуде, нормативтік құжаттарды қалыптастыруда, жұмыс нәтижелерін практикаға енгізуде ізденуші ғылыми жұмысты орындауға қажетті қабілеттерін танытып, жұмысты жоғары деңгейде жауапкершілікпен орындап шықты.

Ізденуші Тлеубаева М.И. жариялаған еңбектер саны мен сапасы бойынша талаптарға сай.

Қорыта келгенде, ізденуші Тлеубаева Меруерт Ильясовна диссертациялық жұмысты орындау барысында өзін білікті, білімді ғылыми қызметкер ретінде қалыптастырды және 6D074800 — Фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге лайық.

**Ғылыми кеңесші:**

**фармацевтика ғылымдарының докторы,**

**КеАҚ «Қарағанды медицина университеті»**

**Фармация мектебінің профессоры**

